

"Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Бозайғыр ауылы мен Төңкеріс бекетінің шекараларын (шегін) белгілеу туралы" бірлескен Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № А-4/116 қаулысы мен Шортанды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 мамырдағы № С-39/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 ақпандағы № А-2/36 қаулысы және Ақмола облысы Шортанды аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 ақпандағы № С-38/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 наурызда № 7087 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108 бабының 5 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, 31 бабының 2 тармағына сәйкес, Шортанды ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Шортанды аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Бозайғыр ауылы мен Төңкеріс бекетінің шекараларын (шегін) белгілеу туралы" бірлескен Шортанды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № А-4/116 қаулысы мен Шортанды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 14 мамырдағы № С-39/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4833 тіркелген, 2015 жылғы 27 маусымда "Вести", "Өрлеу" аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің 1 қосымшасында ""Жасыл Аймақ" РМК " сөздері ""Жасыл Аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген бірлескен қаулы мен шешімнің 2 қосымшасы осы бірлескен қаулы мен шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Шортанды ауданының "Жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі жер-есебі құжаттарына қажетті өзгерістер енгізілсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы

Шортанды аудандық
мәслихатының хатшысы

В.Волокитин

Д.Отаров

Шортанды ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 27 ақпандағы
№ А-2/36 бірлескен қаулысы
мен Шортанды аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 27 ақпандағы
№ С-38/2 шешіміне қосымша
Шортанды ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 14 мамырдағы
№ А-4/116 бірлескен қаулысы
мен Шортанды аудандық
мәслихатының
2015 жылғы 14 мамырдағы
№ С-39/5 шешіміне 2 қосымша

Шортанды ауданы Бозайғыр ауылдық округінің Төңкеріс бекеті жерлерінің экспликациясы

гектар

Елді мекеннің атауы	Жоспар шекараларындағы жерлер, барлығы	Соның ішінде							
		Бекітілетін алаң	Соның ішінде				Құрылыс астында	Бөгде адамдардың пайдалануындағы жерлер	
			Егістік	Жайылымдар	Табиғи	Түбегейлі жақсартылған		"Қазақстан темір жолы"	"Жасыл Аймақ" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
Төңкеріс бекеті	1114,3	1054,2	15,0	906,1	2,2	130,9	40,6	19,5	